

ВЕРЕНКА ЖАЛПЫ НЕГІЗГІ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ БОЙЫНША

Бұйрық

Достық ауылы

№ 19 т. 1.

29.08.2024 жыл

«Орта білім беру ұйымдарында

2024-2025 оқу жылының басталуы» туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а 2024 жылғы 10 шілдедегі «Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №174 бұйрығы мен Ақтөбе облыстық білім басқармасының 2024 жылғы 08 тамыздағы №386 бұйрығы негізінде

Бұйырамын:

1. Жаңа 2024-2025 оқу жылына дайындығы қамтамасыз етілсін.
2. Білім алушылар мен педагогтердің барлық қауіпсіздік шараларын сақтауы бақылауға алынсын.
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 бұйрығы басшылыққа алынсын және айқындалған мерзімдері туралы білім ұйымдарына, ата-аналар назарына жеткізілсін:
 - 1) 2024-2025 оқу жылының басталуы 2024 жылғы 2-қыркүйек алғашқы оқу күні, оқудың аяқталуы - 2025 жылғы 23 мамыр;
 - 2) Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда - 33 оқу аптасын, 2-9 сыныптарда – 34 оқу аптасы;
 - 3) 1-9 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:
 - 1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);
 - 2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);
 - 3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);
 - 1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда).
 - 4-тоқсан – 8 оқу аптасы.
4. Оқу процесін ұйымдастыруда «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау МДОІЖ орынбасары Е.Наурызбайұлына жүктелсін.

Мектеп директоры



Н.Бижанова